



SYR

student jastar gazetі

TÚLEGI

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№2 (423)

28 мамыр, 2020 жыл

Әсел Асылбекқызы, олимпиада жеңімпазы:

- Таңдауыңның біздің университетке түсуіне не түрткі болды?

- Бала кезімнен журналистика мамандығы бойынша білім алғым келеді. Негізі Алматы қаласындағы оқу орындарының біріне барымын деп ойлағанмын. Жыл сайын әр оқу орны жас талапкерлерге олимпиада ұйымдастырады.

«ГРАНТ ҰТЫП АЛУ АРМАНЫМДЫ АҚИҚАТҚА АЙНАЛДЫРДЫ»

Биыл Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті олимпиада өткізіп жатыр дегенді естіп, бағымды сынап көруге бел байладым. Білім бәйгесіне қатыспас бұрын сіздердің университеттегі журналистика мамандығын зерттей бастадым. Бұл білім ордасында да шетелге шығуға мүмкіндік барын, журналистика мамандығы бойынша түлеп ұшқан мамандардың қазір еліміздің маңдайалды журналистерінің сапында екенін көріп, өз таңдауымды жазадым.

- Білім грантын ұтып алу қандай әсер қалдырды?

- Ең бірінші, ұйымдастырушыларға үлкен алғыс білдіргім келеді. Себебі сайыс өте тартысты әрі әділ өтті деп ойлаймын. Бастауыш сыныптан бергі газеттерде жариялаған материалдарымды, шығармашылық жұмыстарымды жинап жүретінмін. Соның барлығына назар аударып, бізге жан-жақты қырымыздан баға берген әділ-қазылар алқасына да мың да бір рахмет. Университет сайтынан көрген кезде өз есімімді көрген кезде сенерімді не сенбесімді білмедім. Мамандық бойынша ақпарат алған ағай, апайларға қайта-қайта хабарласып сұрадым. Тіпті қуаныштан жылап жібердім.

- Аға буын журналистерден кімді үлгі тұтатасың?

- Жерлесіміз, белгілі журналист Гүлмира Дайрабай қатты ұнайды. Бұрын бағдарламаларын үзбей көретінмін. Сөйлеу мәнері, өзін экран алдында ұстауы маған қатты ұнайтын. Шет елдерге көп шыққан, үздіксіз дамып жүреді. Негізі менде уақытымды құр өткізгенді ұната бермеймін.

- Алға қойған мақсатың қандай?

- Арман көп, сондықтан мақсат қоя білу керек. Шығармашылыққа өте жақынмын. Аталарым барлығы өлең шығаратын. Менде арасында өлең шығаратыным бар. Бірақ көбіне мақала, эссе жазған ұнайды. 6-7 сынып оқып жүргенімде Мұқағали атамның өлеңдерін жаттап бастаған болатынымын. Сол кездерде 200-ге жуық өлең жаттадым. Аудандық, облыстық, республикалық өлең оқу жарыстарына қатысып жүрдім. Мұқағали Мақатаевтың атына болған шығармашылық

кештен басты жүлдені бермей 2016 жылы республикалық іріктеуге шығып, Мұқағали атамның туған жеріне барғанмын. Сол кездегі сезімім өте айрықша болды. Осы сәттен бастап журналист болуды алдыма мақсат етіп қойдым. Халық сөзін сөйлеп, шындықты айтқым келеді. Қарапайым адамдардың наразылығын, жетпей жатқан

сөздерін билікке әділ түрде жеткізім келеді. Көгілдір экран алдынан жақындарым көріп, ата-анам мақтан тұтса деймін. Сонымен қатар ата-анамды ауыртпашылыққа салмай, грант иегері болғым келген. Грант ұтып алу арманымды ақиқатқа айналдырды.

- Бос уақытыңда немен айналысқанды ұнатасың?

- Ән айтқанды ұнатамын, 2017 жылдан бері вокалға қатысып келемін. Қобыз, домбыра тартамын, оркесторда ойнаймын, халықаралық конкурстарға да бардым. Зыныптан бері өлең шығарамын. Кітап оқығанды да жақсы көремін.

- Осы уақытқа дейін жеткен жетістіктерің туралы айтып өтсең?

- Аудандық, облыстық, республикалық жарыстарға жібермей қатысып келемін. XXI ғасыр көшбасшысына да қатыстым, Семей қаласында қобыз аспабы бойынша да 3-ші орынды алдым, жүргізушілер сайысына облыстық жарыста екі мәрте қатыстым. Жалпы, білім, спорт және өнер сайыстарынан жеткен жетістігім бар. Негізі шығармашылық

жарыстарға қатысқанды ұнатамын.

- Көп рақмет, Әсел! Шығармашылық табыс тілеймін.

Сұхбаттасқан Айсәуле Нұрланова



ОЛИМПИАДА НӘТИЖЕСІ

Биыл Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті тұңғыш рет жаңа бастаманы қолға алды. Аймағымыздағы мектеп бітіруші 11 сынып оқушылары арасында қашықтықтан облыстық пәндік олимпиада ұйымдастырып, білім гранттары белгілі болды. 25-29 сәуір аралығында өткен облыстық пәндік олимпиадаға қала, аудан мектептерінен 1190 оқушы қатысты. Облыстық пәндік олимпиаданың әр пән бойынша жеңімпаздары мен жүлдегерлері анықталды.

Солардың бірі – журналистика мамандығы бойынша білім грантын иемденген, Арал қаласындағы №220 мектептің 11-сынып оқушысы, «Алтын белгіге» үміткер Әсел Асылбекқызы.

Жалғасы 3-бетте



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ҮЗДІК ҮШТІККЕ ЕНДІ

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) өткізген 2020 жылдағы ЖОО-ң сұранысқа иелігі Ұлттық рейтингісінің қорытындылары бойынша Қазақстанның үздік ЖОО-ы анықталды.

Осы рейтингке қатысқан еліміздің 89 жоғары оқу орны ішінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті ҚР жоғары оқу орындарының Бас рейтингісінің Үздік-20 құрамына еніп, құрметті 9 орын иеленді.

Университеттің он үш білім беру бағдарламалары үздік үштікке енді.

Бакалавриат:

Білім беру бағдарламаларының тобы B025- Дәстүрлі музыкалық өнер – 3 орын;

Білім беру бағдарламаларының тобы B028 – Хореография – 2 орын;

Білім беру бағдарламаларының тобы B051 – Қоршаған орта – 2 орын;

Білім беру бағдарламаларының тобы B082 – Су қорлары және суды пайдалану – 2 орын;

Білім беру бағдарламаларының тобы B183 – Агроинженерия – 3 орын.

Магистратура:

Білім беру бағдарламаларының тобы M007 – Көркем еңбек, графика және жобалау педагогтарын дайындау – 1 орын;

Білім беру бағдарламаларының тобы M016 – Тарих педагогтарын дайындау – 3 орын;

Білім беру бағдарламаларының тобы M017 – Қазақ тілі және әдебиеті педагогтарын дайындау – 3 орын;

Білім беру бағдарламаларының тобы M1237 – Су қорлары және суды пайдалану – 1 орын.

PhD докторантура:

Білім беру бағдарламаларының тобы D014 – Биология педагогтарын дайындау – 3 орын;

Білім беру бағдарламаларының тобы D017 – Қазақ тілі және әдебиеті педагогтарын дайындау – 3 орын;

Білім беру бағдарламаларының тобы D125 – Құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өндірісі – 3 орын;

Білім беру бағдарламаларының тобы D137 – Су қорлары және суды пайдалану – 2 орын.

Университет ұжымына жоғары білікті мамандар даярлау ісінде шығармашылық табыстар тілейміз!

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

онлайн оқу жүйесіне көшкендігі бәрімізге өзінің қиындықтарын тудырған еді. Алайда, лып, жақсы нәтиже көрсете бастады. Осыған Қызылорда Мемлекеттік Университетінде де туғызып жатқан жоқ десек те болады. Себебі, қолданыста бар. Мәселен, университетіміз жүйесімен жұмыс істеп келеді. Білім ала жүріп, ақпараттық технологияны меңгердік. Солардың сияқты онлайн оқыту бағдарламаларымен тасымалдаудың тиімділігін арттыруда. Жалалу, орнату, басқа да мәселелерді университет онлайн түрде емтихан да өткізіп үлгердік. Униістеп тұр. Білім алушылар емтихан, басқа да оқу ынша хабарласып жауап ала алады.

Қашықтықтан оқытудың маңыздылығы – арқылы студенттердің білім деңгейін көтеру. жол ашып, білім алушылардың ғылым және білім алып, оны өз игілігімізге жарата білсек, ұтар оқыту технологиясы білім берудің ортасында тұратын оқыту жүйесін құру мүмкіндігін береді. Бұл жүйеде оқытушы студенттің жұмыстарын, жеке қызығушылықтары мен сұраныстарын ескереді. Қазіргі кезде адамзат дамуының ерекше артықшылығы – ақпараттық өркениетке көшу, адамдардың интеллектуалдық мүмкіндіктерін арттыратын есептеуіш техника мен ақпараттық технологиялардың жедел дамуы болып табылады.

Қазіргі қойылатын талапқа сай жана технологиялар – берілетін білім деңгейінің кенейтілуінің және студенттердің білім дәрежесінің артуын талап етіп отыр. Сондықтан да кез келген білім алушы заман ағымына ілесіп, кез келген ақпараттық технологияларды еркін меңгеруге ұмтылып, барлық күш-жігерді білім мен ғылымға, теория мен практикаға жұмсау міндет болып табылады.



Әлемдегі коронавирустық инфекциясының таралуы бүгінде біздің елімізде де орын алып отыр. Сондықтан санитарлық-эпидемиялық жағдайға байланысты барлық білім беру орталықтары белгілі. Әрине, бастапқы кезеңде бұл жүйе кейіннен ол олқылықтардың орны толтырыбайланысты біз оқытын Қорқыт Ата атындағы онлайн оқыту технологиясы ешқандай қиындық онлайн білім беру процесі бірталай жылдан бері PLATONUS автоматтандырылған ақпараттық онлайн оқыту жүйесіне қатысты көптеген қатарындағы Zoom, Google Classroom, Platonus университетіміз студенттерге ақпаратты пы, таңдаған бағдарламаларымызды сатып басшылығы дер кезінде шешіп отырады. Қазір верситетте студенттер үшін Call-орталық жұмыс процесіне байланысты кез келген мәселелер бой-

білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру Сонымен қатар әлемдік ақпарат кеңістігіне шығармашылық ізденістерін арттырып, мықты тұсымыз да сол болмақ. Әсіресе, қашықтықтан білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру

Айгерім Қанжарбаева

ТӘРБИЕНІҢ СЫРЫ НЕМЕСЕ АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ

Тарихта «темір әйел» деген лақап аты бар М. Тэчер еркектің мінезіне қарап, оның қандай екенін ұғынған дейді. Оның лақап аты темір болса, маңында анау-мынау еркек жүре алмайтыны да. Ол олма?! Бұрындары Фидель Кастродан екінші Отан Соғысының есте қалар батыры кім деп сұраса Фекең Бауыржан Момышұлы деп айтқан дейді. Ол зұлмат заманнанда өттік. Ерлеріміз майданға аттанды. Арасында Бауыржан атамыздың болғаны ақиқат. Бірақ соғысты ол жалғыз жеңген жоқ. Ол басқарған құрамда оқ бойы оза жүрді. Бірақ неге дәл Момыш атамыздың ұлын Фекең атады екен? Былай қарасаңыз, Фидель Кастромен Бауыржан атамыздың мінездері ұқсас келеді. Әр мінезді, сөзі зілбатпан. Мінезі мінез деуге тұрарлық. Яғни еркекті еркек етуге күш-қайраттан басқа мінезде қажет. Әр істері кесек-кесек.

Сондықтан өздернің ыстық сезімін еліне білдіріп, отанына алғыс айтудан тынбайтын азаматтар баршылық. Біздің шаһарымызда Болат Өтемұратовтың қоры көп балалы аналарға 100 тұрғын үй тарту етті. Болат ағамыз Қызылорданың тумасы болмаса да осы қалада балалық шағын өткізді. Қазіргі күні Қазақстанның ауқатты адамдарының тізімінде көш бастап тұрған миллионер Болат Өтемұратов Қызылорда облысының құрметті азаматы. Және өзінің жасаған тартуларын біраз жерде жария ете бермейді. Деседе оқу орындарындағы гранттар, тұрмысы төмен жандарға көмек оның туған жерге, туған жұртқа деген ыстық ілтипатының белгісін айқындайды.

Еркек жайлы айтарымыз мол, әттен аз білеміз. Деседе бес жасар баланың өзіне тоқсаннан асқан әжеміз орнын беретін халықпыз. Бұл жерде баланың тұяқ екені,

ізбасар екені бейнеледі. Әлгі анасы құшағына баласы мен қызын алып қасқырдан қашатын оқиға. Сол жерде де құртқаларға нәресте қызын тастап кеткен емес пе?! Бұл қыздың төмен деңгейін аңғартпайды. Дейтұрғанмен, ұрпақ жалғаушының орны бөлек. Әйтпесе шеше де әйел адамғой, қолында жүре алатын екі ұл баласы болса өзі-ақ қасқырға жем болар еді?! Елдің болашағы еркектің шаруасы екені осыдан-ақ көрінеді. Сондықтан ел болар ер баланың рөлі басым.

ласына осындай алаң арман болған көрінеді. Немесе ол өзінің ақшасына зәулім үй салып ата-анасына сыйласада болар еді. Жерлесіміз Мұрат Әбенев былай дейді: «Ильяның ата-анасы өте қарапайым кісілер. Олар көпқабатты үйде тұрады. Және сол бөлмесі аз үйдің орнына зәулім сарай салып алуына да болар еді. Бірақ ол бұл әрекетімен спорттың жанашыры екенін тағы да дәлелдеді».

Елдің ертеңі осындай азаматтар барда жарқын болары анық. Бойында махаббаты бар адам – өте керемет тұлға. Бұның барлығы тәрбиенің жемісі. Ұяда көргенін ұшқанда жүзеге асырып жүр. Сондықтан шаңырақтағы тәрбие қайталанбайтын дүние. Сонау 2000 жылдары талайдың жүрегін дүрс еткізген ән жарыққа шықты. Сол кезде Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Бұл ән Қазақ елінің екінші әнұраны» деген баға берген. Өзіңіз ойлап қараңыз, Ресей және Қазақстан эстрадасының жұлдызы Батырхан Шөкенов елге оралып қалың жұртқа «Отан Ана» әнін тарту етті. Оралудың өзіндік тарихы бар. «А Студио» тобының фронтмені Батырхан Шөкенов өзінің тобынан кетіп елге келуді ойлады. Ресейде Батырханда атақта, абыройда жетерлік еді. Сахна примадоннасы Алла Борисқызыменде достығы жарасқан заман. Осынша уақыттан кейін елге оралуына не себеп? Басқа елді жерсінбеді ме әлде шаңырақтың тәрбиесін аңсады ма?! Не болса да, «Отан-Ана» белгілі музыкатанушылардың айтуынша елу жылда бір туылатын әуен көрінеді. Ән жайлы Батырхан Шөкенов былай деді: «Бұл менің туған далама деген тағызым болсын. Бұл – менің еліме деген құрметім. Нақты осы ән менің өмірімде жасаған орны өшпес жұмысым болды»

Дамир Амангелді



Бір сұхбатында зілтемірші Илья Ильиннің «қиын» деген сөзін құлағым шалды. Бұндай темін үзер жігітке не қиындық туғызды деп ойладым. Оның меңзеп отырғаны Қызылорда қаласындағы «Илья Ильин атындағы саябақ». Бұл жерге саябақ салардан бұрын мың толғанған көрінеді. Алайда осы тарту талай балаларға қуаныш сыйлады. Мемлекетіміздің спортшыларды құрметтейтінін, оларға жоғарғы жәрдем беретіні көпке аян. Ильяның жиған қаражатына саябақ салуға балалық шағы себеп болған. Дәл сол жерде мектептен шыққан уақыттан кешке дейін доп ойнап қызық қуып жүретін ойын ба-

УНИВЕРСИТЕТ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) өткізген 2020 жылдағы ЖОО-н сұранысқа иелігі Ұлттық рейтингісінің қорытындылары бойынша Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті ҚР ЖОО Бас рейтингісінің Топ-20 құрамына енді.

Бітіруші түлектердің еңбекпен қамтылуының жоғарғы деңгейі, халықаралықтанымалдығы және оқытушы-профессор құрамының ғылымпедагогикалық қызметінің нәтижелілігі университетке еліміздің үздік ЖОО-ның ондығына еніп, ҚР-ның 89 ЖОО-нан 1939 білім беру бағдарламалары ішінде 9 орын иеленуді мүмкін етті.

Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша мамандар дайындау деңгейлері мен бағыттарына сәйкес үздік үштікке 13 білім бағдарламалары енді (бакалавриат – 5, магистратура – 4, PhD докторантура – 4).

Рейтингтегі университеттің орнықты тұғыры келесі өзекті критерийлер бойынша көрсеткіштердің жақсаруымен болып отыр: институционалдық және бағдарламалық аккредиттеу, адам ресурстарын дамыту деңгейі (білім алушыларды да, оқытушы-профессор құрамының да), жоғары білімді интернационалдандыру, оны әлемдік білім кеңістігіне интеграциялау, ғылыми зерттеулердің даму деңгейі, бітіруші түлектердің еңбекпен қамтылуы және еңбек нарығында сұранысқа ие болуы.

Олимпиада нәтижесі

(Басы 1-бетте)

Ағылшын тілі бойынша:

1 орын- Жұмажанова Дильназ Ермекқызы, №10 Білім-Инновация лицейінің 11 сынып оқушысы, Қызылорда қаласы;

2 орын - Нұртілеуова Айымжан Ғалымжанқызы, №10 Білім-Инновация лицейінің 11 сынып оқушысы, Қызылорда қаласы;

3 орын - Амантай Жадыра Думанқызы, №222 Т.Рысқұлов атындағы орта мектебінің 11 сынып оқушысы, Қызылорда қаласы.

Орыс тілі мен әдебиеті пәндері бойынша:

1 орын – Мирамбекова Альмира Қуанышбековна (Байқоңыр қаласы, №273 мектебі);

Сейтмұратова Нұрдана Нұрлыбекқызы (Қызылорда қаласы, №31Т мектеп-лицейі);

2 орын - Оңғарбаева Ұлман Бейбітқызы (Сырдария ауданы, Шіркейлі аулы, №129 мектебі);

Қуандықова Фариза Қуандықовна (Қармақшы ауданы, №277 мектеп-лицейі);

3 орын - Джумабаев Айузак Султанбекулы (Қармақшы ауданы, №277 мектеп-лицейі);

Ашурова Мухайе Уткирбек (Қызылорда қаласы, №5 мектеп-лицейі).

Физика пәні бойынша:

1 орын - Шахымханқызы Нұрсая - Қызылорда қаласы, Ә.Молдағұлова атындағы №173 орта мектебінің 11 сынып оқушысы; Шайманов Асылжан Бауржанұлы - Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақтөбе ауылы, №109 орта мектебінің 11 сынып оқушысы;

2 орын-Төлепберген Жандос Дарханұлы - Қызылорда қаласы, Ә.Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейінің 11 сынып оқушысы; Мұратбек Мақсат Мұратбекұлы - Қызылорда қаласы, С.Толыбеков атындағы №3 ІТ мектеп-лицейінің 11 сынып оқушысы;

3 орын-Әбжәми Ақбаян Ерболатқызы - Қызылорда облысы, Арал ауданы, №177 орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 11 сынып оқушысы; Әжімбетова Мадина Қайратқызы - Қызылорда қаласы, Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің 11 сынып оқушысы; Ізтелеуова БақытКеңесбекқызы - Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қ.Күлетов атындағы №92 орта мектебінің 11 сынып оқушысы.

Көркем еңбек пәні бойынша:

1 орын - Жақай Диас Бауыржанұлы Қызылорда қаласы, №187 ІТ мектеп-лицейі 11 А сынып оқушысы

2 орын- Қонысбаева Маржан Бекболатовна Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Байқоңыр қаласы №277 мектеп, 11 А сынып оқушысы

3 орын- Үргенішбай Жанерке Сүлейменқызы Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Бірлік ауылы №102 орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі 11 сынып оқушысы

Биология пәні бойынша:

1 орын – Балғараева Назым Талғатқызы

(Қызылорда қаласы, Т.Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицейі 11 «А» сынып)

2 орын - Алмасова Ақтоты Айбекқызы (Қазалы ауданы, Жанқожа батыр атындағы №70 мектеп, 11 А сынып)

2 орын- Қарасай Құрманбек (Жанқожа батыр атындағы №70 мектеп, 11 А сыныбы)

3 орын- Әбіләзім Дамир Әбдуәліұлы №3 ІТ мектеп-лицейі 11А

3 орын - Алмас Нұрай Қызылорда қаласы, Т.Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицейі 11 «А» сынып

3 орын- Маслий Анастасия Павловна, Қызылорда қаласы 9 мектеп-гимназия, Химия пәні бойынша

1 орын- Бекмырза Мақсат Абайұлы №40ДМИ

2 орын- Халықбек Ақсамал Ғалымжанқызы Қызылорда қ «№10 Білім – инновациялық лицейі,

2 орын- Жалғас Айғаным Оразбекқызы, №42 Қ.Баймағамбетов мектеп,

3 орын - Ерсин Арайлым Бақытжановна, Жалағаш ауданы Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейі,

3 орын- СейдалыҒани, №147 орта мектеп, 3 орын- БақытбекАңсаған, №10 «Білім-инновация»лицейі интернат,

География пәні бойынша:

1 орын - Жұмабек Айкүміс Ғабитқ, Қызылорда қаласы, Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі, 11 «А» сынып

1 орын- Батырханова Зердехан Қадырханқызы. Қызылорда қаласы, Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі, 11 «А» сынып

2 орын - Уәлиева Айшабиби Абубакирқызы, Қызылорда қаласы, Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі, 11 «А» сынып

2 орын - Сәрсенов Таужан Берікұлы Қызылорда қаласы, Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі, 11 «А» сынып

3 орын- Муллахасан Назыгүл Уралбайқызы, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, №110 мектеп-лицейі, 11 сынып,

3 орын- Серікбаева Наркыз Нұрлыханқызы, Қызылорда қаласы, М.Ә. Сужиков атындағы №6 орта мектеп, 11 «А» сынып,

3 орын- Бақытжанұлы Диас Шиелі ауданы, №45 «Ақ Орда» мектеп-гимназиясы,

Адам. Қоғам. Құқық пәндері бойынша:

1 орын – Сейдуш Мейірімжан Шиелі кенті, «№45»Ақ орда» мектеп-гимназия» (пән оқытушысы: Дүйсенбиева Күлшара)

2 орын – Аманова Жұлдыз Қызылорда қ., №10 лицей-интернаты (пән оқытушысы: Мұстақұлов Алмас Мырзабайқызы)

3 орын – Данияр Әдемі Қызылорда қ., №101 мектеп-лицейі, (пән оқытушысы: Құлжанова Сәуле)

Математика пәні бойынша:

1 орын- Әзілханов Шапағат, Арал ауданы, №83 орта мектебі оқушысы, пән мұғалімі -

Еңсепова Сара Махамбетжановна;

1 орын- Ерғараев Диас, №4 Е.Әуелбеков атындағы облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты оқушысы, пән мұғалімі – Жиенбаев Шаймағанбет;

2 орын- Қартбаев Нұрасыл Маратұлы, Арал ауданы, №83 орта мектебі оқушысы, пән мұғалімі - Еңсепова Сара Махамбетжановна;

2 орын – Таубаева Назерке Нұрланқызы (Қызылорда қаласы, №212 мектеп-гимназия оқушысы, пән мұғалімі - Омарова Гүлзира.)

3 орын- Файзулла Өркен (Қызылорда №12 ІТ мектеп-лицейі оқушысы, пән мұғалімі - Жолмырзаев Ғабит); 3 орын- Исақов Азамат Бауыржанұлы (Қызылорда қаласы №9 мектеп оқушысы, пән мұғалімі - Ажибекова Гулмира Умирзаховна);

3 орын- Жарылқасын Ұлан, №4 Е.Әуелбеков атындағы облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты оқушысы, пән мұғалімі - Жиенбаев Шаймағанбет.

Қазақстан тарихы пәні бойынша:

1 орын- Тілеуберген Санжан Спандиярұлы, Шиелі ауданы №47 М.В.Ломоносов атындағы мектеп – лицейі, Жетекші, тарих пәні мұғалімі – Сіздықова Бибіхан

2 орын- Рахымжановна Мөлдір Ғалымжанқызы, Қармақшы ауданы Т.Көмеқбаев атындағы №250 мектеп - лицейі Жетекші, тарих пәні мұғалімі- Жұмағалиева Қ.

3 орын - Абсадықова Мерей Нағиқызы – Қызылорда қаласы №136 мектеп – лицейі, Жетекші, тарих пәні мұғалімі – Байсалбаева Гүлнарай

Дүниежүзі тарихы пәні бойынша:

1 орын - Ағыбаева Айғаным -Қармақшы ауданы, Ақтөбе ауылы, №109 орта мектебі, Жетекші, тарих пәні мұғалімі- Жансейтова Алмагүл

2 орын -Бекназарова Ақжүніс Избасқанқызы- Қазалы ауданы, Бірлік ауылы, №102 орта мектебі, Жетекші, тарих пәні мұғалімі- Жұбаниязова Бақыткүл

3 орын - Серікбай Гүлнур Дайрабекқызы –Қызылорда қаласы №2 «Мұрагер» мектебі, Жетекші, тарих пәні мұғалімі – Шарманов Асқар

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша:

1 орын - Жәнібекқызы Азиза №37 мектебінің 11 сынып оқушысы Сырдария ауданы, Шаған ауылы; Наушабай Асель №9 мектептің 11 сынып оқушысы, Қызылорда қаласы.

2 орын - Әбіш Гүлнұр №2 «Мұрагер» мектебінің 11 сынып оқушысы; Қожақова Ай-дан №44 мектептің 11 сынып оқушысы, Сыр-дария ауданы; Базарбайқызы Көркем №114 мектептің 11 сынып оқушысы, Жалағаш ауданы; Ибрагимова Динара №45 мектептің 11 сынып оқушысы;

3 орын - Абиляева Аружан №12 мектептің 11 сынып оқушысы; Шиелі ауданы; Муратбек Шұғыла №15 мектептің 11 сынып оқушысы, Қызылорда қаласы; Үйсінбай Жан-сая №110 мектеп-лицейінің 11 сынып оқушысы, Қызылорда қаласы.

Журналистика бойынша:

1 орын - Асылбек Әсел Асылбекқызы №220 орта мектебінің 11 сынып оқушысы, Арал қаласы;

2 орын - Саруарбек Аружан Романқызы №144 мектептің 11 сынып оқушысы;

3 орын - Байтілес Тоғжан Батырбекқызы №187 М.Шоқай атындағы ІТ-мектеп-лицейінің 11 сынып оқушысы.

Хореография бойынша:

1 орын - Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Байқоңыр қаласы №275 мектеп оқушысы - Жетруова Ханым Аблаевна;

2 орын - Қызылорда облысы, Қармақшы аудандық білім бөлімінің №277 мектеп-лицейінің оқушысы - Еришова Жансая Шынта-совна,

3 орын - Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Е.С.Бозғұлов атындағы 249 мектеп-лицейі оқушысы - Гаухар Шарападинова Маратқызы.

Өнер әлемінің өрені

Рухани кемелдік пен мәдени өсуге ықпал ететін бірден-бір орын – театр. Бұл – өмірдегі түрлі жағдайларды сахналандыру, өмір шындығын көрерменге қойылым арқылы жеткізу.

Театр – сіз бен бізге беймәлім әлем. Актерлер сол беймәлім әлемнің жұмбақ кейіпкерлері іспеттес. Орыс актері Олег Леушин айтқандай өмірдегі күнделікті жағдайларды сахнада жайбарақат көрсете салу мүмкін емес. Театр мен кино әлемі бір-бірінен ерекшеленеді. Кинода өмірдегідей ойнау керек. Өйткені, адам жанының айнасы – көз арқылы бәрін ұғуға болады. Бірақ, театрда іс-қимыл, сөз бен дауыс арқылы беріледі.



Туа бітті таланттар болады, ал, кейбіреуі оған қол жеткізу үшін ұзақ уақыт еңбек етеді. Еңбек арқылы қалыптасқан актерлік шеберлік мақсат қоюдың арқасында ғана іске асады. Талантты адам бойындағы дарынын сақтап қалу үшін еңбектенуі керек. Ондай актерлік шеберлік кез келген адамның бойында бола бермейді. Әрине, ол үшін ең алдымен шынайы қабілет қажет. Иә, бүгінгі таңда сондай қарымды қабілетімен өнер биігіне ұмтылып келе жатқан өнерпаздарымыз жетерлік. Сондай өнер саласының саңлағы, Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық музыкалық драма театрының әртісі – Ұғым Баймаханов. 1995 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің хореография мамандығына оқуға қабылданып, 1999 жылы тәмамдаған. Өзінің айтуынша өнер жолын таңдауына ешкім себепші болмаған. Бала кезден сол саланың хас шеберіне айналу мақсат тұтқан Ұғым Санақұлы осы салада жүргенін мақтан тұтады. «Иә, менің өнер жолым әрі қарай жалғастыруыма киелі кара шаңырақ Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің, ондағы ұстаздарымның қосқан үлесі зор. Мен мамандық таңдаудан еш қателескен емеспін. Осы университетті таңдағаным, осындай іргелі оқу ордасында оқығаным ешқашан өкінбеймін», – дейді.

Ең алғаш университет табалдырығын аттаған сәттен бастап, асқақ арманының орындалуына өз үлесін қосқан ұстазы Алмас Қаржаубаев есімді азамат болған. Ол кісі хореография саласының қыр-сырын, жан-жақты іс-әрекеттерін үйреткен. «Ұстазымның жолын жалғастырсам деген мақсатым әлі күнге мені алға жетелеп келеді», – дейді ол. Осылайша арманын мақсатқа, мақсатын шындыққа айналдыру үшін 1997 жылы университет қабырғасында оқып жүріп, «Сыр сұлуы» ән-би ансамблінің бишісі болған. Осылайша 2007 жылдан 2011 жылға дейін Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде актёр мамандығы бойынша білім алды. Оқуын тәмамдаған сәттен бастап, Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық музыкалық драма театрына актёр болып қызметке орналасқан. Өткенге көз

жүгіртсек, Нартай Бекежанов атындағы облыстық музыкалық драма театры 1955 жылы Алматы облысы, Еңбекшіқазақ және Қаратал аудандық колхоз-совхоз театры негізінде ұйымдастырылды. Өнер ордасы өз шымылдығын тұңғыш рет Фабит Мүсіреповтің «Ақан сері-Ақтоқты» трагедиясымен ашты. Театр 1960 жылы Қызылорда қаласына көшіріліп, 1967 жылы Нартай Бекежанов есімі берілді. Міне, содан бері театр әртістері үш жүзге жуық спектакль сахналап, көрерменге қызмет көрсетіп келеді. Мінеки, бұл театрдың өркендеп өсіп, қанат жаюына Ұғым Санақұлының да қосқан үлесі зор. Айталық, «Мұстафа Шоқай» спектакльінде Розенбергтің, «Абай» пьесасында Оразбайдың, «Ескі үйдегі екі кездесу» спектакльінде Айтөренің, Тахауи Ахтановтың «Ант» пьесасында Әбілқайыр хан рөлін сәтті сомдап шыққан.

Осындай талантты өнерпаздың қабілетін ұштай отырып, өнер жолына бағыт-бағдар беріп, талантын шындай білген Нартай Бекежанов атындағы облыстық музыкалық драма театры ұжымының еңбегі зор.

Мұнан басқа өнер әлемінде жеткен жетістіктері, бағындырған белестері жетерлік. Атап айтар болсақ Мәдениет министрлігінің Құрмет грамотасымен, «Үздік актер» номинациясымен, Тәуелсіздік мерекесіне арналған төсбелгілерімен марапатталған. Сонымен қатар, «Мәдениет саласының үздігі» деген атақты иегері.

Баймаханов Ұғым Санақұлы қазіргі таңда 3 қыз, 1 ұл тәрбиелеп отырған ардақты әке, аяулы жар. Өкпенің айтқан әрбір ақылы балаларына өмірлік азық. Ардақты әкенің жүріп өткен жолы балалары мен кейінгі ұрпағына әрқашан да үлгі.

Қорыта келе, келешекте кейіпкеріміздің жолын жалғайтын, театр өнерінің туын биіктететін шәкірт тәрбиеленетініне сеніміміз мол. Ұғым Санақұлының өнер жолындағы қадамы қарымды, беделі биік. Орнықты орны үйде де, түзде де – төр. Еңбегіне жеміс, қызметіне шығармашылық табыс тілей отырып, жетер жетістігіңіз әлі де биіктей берсін демекпіз.

Аружан ЕРАЛЫ

«ШАҒЫННАН БАСТА, БІРАҚ ҮЛКЕНДІ АРМАНДА...»

Назерке Қоблан 1996 жылы Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде дүниеге келген. 2013 жылы Қорқыт ата атындағы ҚМУ-ға оқуға түсіп, 2017 жылы тәмамдаған. Ол – көптеген облыстық, қалалық сұлулық байқауларының жеңімпазы. Қазір «Koblan Naz» сән үйінің басшысы.

- Кәсіппен айналысқаныңызға қанша уақыт болды?

- Кәсіппен айналысқаным 2 жылдай уақыт болды. Алғаш осы киім тігіп сату идеясын өзім ойлап жүргенмін, содан жанымдағы кеңесшім, яғни жолдасым Айбекке ойымды айттым. Ол кісі де құптап, маған қолымнан келетіндігін айтып шабыттандырды. Ал жарнама мәселесін инстаграм әлеуметтік желісі арқылы реттедік. Солай жеке киім орталығының негізін қаладық.

- «Шағыннан баста, бірақ үлкенді арманда. Бір мезетте көп нәрсемен айналыспа. Біріншіден, көп емес жай істерден баста және бара-бара күрделірек іске көш. Әрқашан болашақты ойла» дейді Стив Джобс. Кәсіпті бастауда қорқыныш оны әрі қарай дамытуда қиыншылықтар орын алды ма?

- Әрине, кәсіпті бастар алдында қорқыныш та, қиыншылық та болды. «Қайда барып сатам, кімге сатам, қайдан аламын?» деген сұрақтар жиі мазалады. Шынымды айтсам алғашында киімдерді үлкен сөмкеге салып алып, оқу орындарындағы, мекемелердегі таныстарымды аралап сата бастадым. Бір өзіме қиын болды, дегенмен менде өзімнің атыммен жеке бутигімді ашамын деген үлкен арман болды. Сол арман жетегінде еш шаршамастан осылай кәсібімді аяғынан тұрғыздым. Жаңа өзіңіз айтқандай, Стив Джобстың тәжірибесі менің ұстанымыма айналған. Мен де азды армандап, көпке ұмтыламын.

- Алғашқы табысыңыз есіңізде ме? Адал еңбегіңіздің жемісін қайда жұмсадыңыз?

- Өзім жас болсам да алғашқы тапқан табысым өзім ойлағаннан да жақсырақ болды. Алғашқы табысымды қолыма алғанда кәсіп түбі – нәсіп екені ойымда болды. Адал еңбекпен тапқан табысыңды ешқайда қимайды екенсің, дегенмен алғашқы табысымды тез жаратып үлгердім. Жақындарымды қуанттым...



- «Koblan Naz» қазақстандық брендин қалыптастырғыңыз келе ме?

- Басты мақсатым – осы брендті түбегейлі қалыптастыру. Киім дүкенін, киім тігу шеберханасын және сұлулық салоны арқылы халыққа қызмет жасау үшін еңбек етудемін.

- Сіздің сұлулық байқауынан жетістігіңіздің көп екенін білеміз. Дүкеннің келбеті де өзіңіз. Байқауымыз, сізге модель болу ұнайтын секілді?

- Алғашында көпшіліктің алдына шығудан қысылатынмын. Кейін сұлулық байқауына қатысып, көп нәрсені түсіне бастадым. Байқаулармен қатар көптеген киім дүкендеріне модель болып жүрдім. Бұл хобби кейін өзімнің сүйікті кәсібіме айналды. Әдемілікті қай қыз баласы болсын жақсы көреді деп ойлаймын. Өзім де фотоға түскенді жақсы көремін және өзіме келген адамдарды сәнді әрі сапалы киімдермен қамтамасыз еткім келеді.

- Өмірлік ұстанымыз?

- Өмірлік ұстанымым – өмірге құштарлық, темірдей тәртіп, шынайы тазалық, сүйікті кәсібімнің шыңына шығу. Ең бастысы, отбасымның бақыты мен үшін алғашқыорында.

- Жаңадан кәсіп бастағысы келетін жастарға айтар ақыл-кеңесіңіз?

- Өз-өзіңді жігерлендіруің қажет. Өзіңе деген сенім басым болуы қажет. Бастаған ісінді соңына дейін жеткіземін деген ұстанымың болуы шарт. Өйткені кәсіп жолында небір қиыншылықтар жолығады. Қаржы жағынан болсын, моральдық, психологиялық тұрғыдан жан-жақты дайын болуың керек деп ойлаймын және барынша мемлекет ұсынған мүмкіндіктерді де пайдалану қажет.

- Сұхбатыңызға рахмет!

Нұрай ӘБДУӘЛИ

ӨКІНІШІН «ШУАҚТЫ» БЕТПЕРДЕГЕ ЖАСЫРҒАН ЖАУЫНГЕР



Ұрыс, майдан, айқас. Бұл сөздерді естудің өзі ауыр болғанымен, бұл ұғымдарды жігер сөзімен байланыстырғым келіп отыр. Өткен ғасырдың батырлары «туып өскен жерімді, шаңырағымды қайта көрсем» деп соққан жүрегінде үміт отын өшірмес үшін барын салды. XX ғасырдағы алапат Ұлы Отан Соғысы барша кеңестік кезеңнің отбасыларына ауыр соққаны анық. Қала мен ауыл тұрғындары барлығы да әскер қатарына жұмылдырылды. Бұл оқиға менің де отбасымды айналып өтпеді.

Тереңөзек ауданында туып өскен үлкен атам Балмаханов Сәрсенбай Қызыл әскер қатарында болған. Дастархан басында шәй ішіп, мінез, қайрат жайлы әңгіме қозғалғанда Қарлығаш әжем ылғида атамды үлгі тұтатын. Бір кездері көгілдір экраннан жеңіске қатысты бейнеролик көріп, жанында отырған атамның жас кезіндегі нақ образын суреттеп бергені есімде. Ол кісінің келбетіне, артқа қарай жинақы таралған шаштарына аса назар аударатын. Айтуынша, қандай сұрақ қоймасын жауабы дайын тұратын және мінезі ауыр адамдармен де тіл табысып түсіне білетін болған. 1942 жылы ант қабылдап соғысқа аттанған кезде 19 жаста болған екен. Бұл жастағы жігіт кенеттен майдан ортасына тап болғандағы сезімін жеткізу кез-келген жазушының қолынан келе бермейтіні рас.



Алматы арқылы Германияға жол жүріп, командирдың тапсырмасымен 61-ші атқыштар полкіне орналасады. Снайпер болыпты. Бұл туралы ең алғаш сағынышпен жазған хатынан білдік: «Біздің бөлімшеде қазақтар аз еді, негізінен, татарлар мен орыстардан құралды. Бірақ барлығымыздың арманымыз бір еді. Отбасымды тағы бір құшағымға алсам деген үміт. Әр жерге киіп жүретін бір-екі киімдер берілді. Суға түсіп алуға мүмкіндік кейде болмайда қалатын. Бірақ бұл уайымба?!...» – деп жалғайды сөзін Сәрсенбай ата. Соғыс аландарында мергендігімен көзге түскен. Ашық алаңдар мен мина жатқан жерлерде ұрыс жүргізудің тәсілдерін жақсы білген деседі.



Кеңес үкіметі Германиямен шайқаста бірнеше бағытта ұрыс жүргізді. 1943 жылы 29 желтоқсанда Витебсктегі (Белоруссия) полкке ауысады. Фашистердің «Барбаросса» жоспарына сай бұл қалаға шабуыл жасалып, әсем мекеннің тас-талқаны шыққан кезін көргенін айтқанда жүрегің қарс айырылады. Осы жылы, арқасына оқ тиіп госпитальға жатқызылады. Ал, 1944 жылы 30 маусымда емделіп қайтадан майданға жіберілді. Кенинсберті (Калининград) жаулауға атсалысады. 89-ы танк бригадасына келіп, көп ұзамай уақытша командирдың қызметін атқарушы ефрейтор дәрежесіне де жетеді. Туған-туыс, бауырлар шаңырағымызға жиылғанда атам ұмытылмас естеліктерінің арасынан көріпкел досы жайлы айтқан әңгімесі де бар:

«Түнге таман, жүрек жалғайтын уақыт келгенде ылғи да қызықты оқиғаларымен отрядымызды сергітіп отыратын Михаил есімді азамат болды. Байқағаным, сырттай қарағанда әзілқой адамдармен жеке сөйлесе кетсең басынан өткерген мұң-өкініштерін «шуақты» бетперденің арғы жағында сақтап отырады екен. Алақандағы сызықтар арқылы өмір жолыңды, жұлдыздарға қарап болашақты болжап береді. Арамыздағы жас жігіттердің бірі болғасын ба, әрине, оған ешкім сене қоймайды. Окоптың жанында жатқан сержантқа жарты сағат бұрын жүгіріп келіп «Сен отырған жерге қазір снаряд түседі»-деп қолынан жұлқығаны бар. Тыңдайды ма? Атқылаған пулеметтен тығылып тапжылмай қалады. Михаил айтқандай бірнеше радиусты қамтитын снаряд алыстан ұшып келіп «жерді қазып жібереді». Дарынды Михаилмен соңғы рет кезіккенімде алақанымды ұстап орысшалап «Сәрсенбай, нені көріп тұрғанымды мен ішімде сақтай алмаспын! Соғыстан аман есен оралып сүйіктіңді кезіктіресің. Ол жаннан 5 балаң да шетінеп кетеді. Бірақ сен абыржыма, мойыма! Бала сүю қуанышы сенен жырақтамайды. Жылдар өте 3 балаң дүние есігін ашады».- деді.

1945 жыл. Ұлы Жеңіс! Пойыздың ішінде еліне қайтып келе жатырған жауынгерлердің жүзіне қарап барлығының дерлік қуанышы бірдей деп айта алмаспын. 19 жасар жас жігіт 3 жылда өмірдің қатыгез тұстарын анық көріп, өзінің қалай өзгергенін байқамайда қалды. Жеңіспен оралып анасын құшағына алғандағы кезін көріп шын махаббаттың не екенін түсінесің. Самал желдің ысқырығы мен құстардың әуенін естіп ұйқыдан ояну кеше ғана орындалмас арман секілді көрініп еді. Көп ұзамай атам Аққұм ауылдық округінен Қарлығаш әжемді кезіктіріп отбасын құрады. Барлығы дарынды жігіттің айтқанындай... Арғынғазы, Базаркүл, Базар есімді балалары дүниеге келіп, тамырлары жайылады.

Марапаттары жайлы айтар болсам: 1946 жылы Ұлы Отан Соғысында фашистік Германияны жеңгені үшін, 1948 ж. 11 маусымда Жоғарғы Совет Президиумының атынан «Калининградтағы

Қазіргі ардагерлерім, сол күнгі майдангерлерім!

*...Бір үмітке байланды ел,
Қоршауға толған қайран бел!
Сол жылдары қазақтың,
Әр баласы-майдангер!*

*Құлаған биік қосындар,
Қара жер құшты жасындар!
Тағдырыменен таңбалы,
Елдің есінде-Қасымдар!*

*Ұмытқан ажар-ақ таңды,
Мейірім толы шақтарды.
Әр отбасының үйінде,
Жөнелтілмей-хат қалды.*

*Көз жасы көл боп ананың,
Кінәләй берді даланы!
Сағынып отағасын да,
Оралмай қойған баланы!*

*"Келіп қалар" деп түнімен,
Шинельге қарап ілінген.
Босаға жаққа көз сүзді,
Сескеніп сыбыр, күбірден.*

*Сезініп сезім ызғарды,
Кетерде соңғы із қалды!
Естеліктерге еркеліп,
Тұрмыссыз бекер қыз қалды.*

*Әкелер-жердің өтінде ер,
Жазасы қатал-өкімдер!
Күтумен қалған әр әби,
Ұл-қыздар менен жетімдер!*

*Көкесін көріп қорлықтың,
Алауға қарап қаймықтым!
Гүл қойдым асау мұнарға-
Асығып жеткен-бейбіт күн!*

*Әжімге толған өңдерің,
Қуаныш-қайғы, кеуде-мұң!
Қазіргі ардагерлерім,
Сол күнгі майдангерлерім!*

Гүлжанат ҚАДЫРБЕКОВА

жеңіс үшін» медалымен, 1970 жылы 10 апрельде Лениннің 100 жылдық мерейтойына орай «Ерен еңбегі үшін», 1946 ж. 10 мамырда «ҰОС жеңісіне 30 жыл толуына орай» медальдары табысталды.

Әрине, бұл медальдардың өзімізде сақталып тұрғаны еліміздің тарихының жадымызда сақталып тұрғанымен тең. Қазақ халқында өткен тарихын білмеген және өзінің ұлттық қасиеттерінен айрылған халық қасіретке ұшырайтыны жайлы айтылады. Менің Алладан сұрайтыным, отбасыма атамның күш жігері тараса деймін. Желбіре, жеңіс жалауы! Біз сіздерді ұмытпаймыз, батыр бабалар!

Абылай ЖҮНІС



Әл-Фараби әлемі

Жалпы, жазушы әлемі бүгінгі ұрпаққа еңбекқорлығымен, батылдығымен, қайсарлығымен қымбат. Оның азаматтық ұстанымдары кезінде тек Одақ көлемінде ғана емес, халықаралық деңгейде әйгіленді. Талай тартысты жиындарда қазақтың даңқын аспандатты. Қарапайымдылығымен, кіші-пейілділігімен еліне сыйлы болды. Ол - ешкімге бас ұрмай өтті, тек әділдікке, ақиқатқа табынып өтті. Оның жазушылық, азаматтық позициясы да осы принциптерден өріліп шықты. Ол сондай-ақ, саяси қайраткер. Ол – Әнуар Әлімжанов. Қаламдас достары: - Әлем картасынан Әнуар болған елді іздегеннен гөрі ол болмаған елді іздеу оңай, - деп әзілдегендеріндей, дүние жүзінің алпыс шақты елін аралаған Әнекең мақала, хикая, романдарын пойызда, ұшақта, кемеді, тіпті автокөлікте отырып та жаза берген тәрізді. Ол қалам тартып үлгірмеген тақырып, мән-мәнісін ашып бермеген мәселе жоқ дерсің. Әнуар қай елге қашан барса да, оның тарихымен, әдебиетімен, өнерімен, қаламгерлерімен танысуды және оларға Қазақстанның, қазақтың танытуды мақсат еткенін мақалаларын, кітаптарын оқығандар жақсы біледі. Шет жұртқа сол тілдерге аударылған кітаптарымен ғана емес, осы бір дәнекерлік қызметімен де танылғаны анық. Иә, ат басын тіреген елде қазаққа қатысты бір игі істі көрсе, соған балаша қуанып, оны бізге жеткізуге асығатын еді. 1967-жылы болар, шет елдерге кезекті бір сапарында Қараши қаласына ат басын тіреген Әнуарді Пәкстанның көрнекті суретшісі Салых Айын Орталық банк ғимаратына, сурет галереясына алып барыпты. Онда қазақы реңді бір кісінің домбыра ұстап тұрған суретін көре қалған Әнекеңнің: «Бұл кім?» дегеніне Салых: «Бұл - Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби. Әбу Синадан бастап барлық ғұламаларымыздың екінші ұстазы. Біздің осында орналасқан кітапханамызда Аристотельдің, Әвклидтің, Птоломейдің еңбектеріне жазған түсініктері, өзінің көптеген жазбалары бар», - деп жауап қайырыпты.

Ол қарымды қаламгер еді. «Көгілдір таулар», «Отырар ес—керт—кіші», «Махамбеттің жебесі» сынды қадау-қадау шығармаларын айтағанда, бір ғана Әбу Насыр әл-Фараби бабамызға арналған «Ұстаздың оралуы» бүткіл қазақ қауымына Фарабиді таныстырып, ұлт мақтанышына айналдырды.

Жаздың жайма шуақ кезеңі болатын. Жазғы демалысты ауылда өткізген қандай керемет еді, шіркін! Таза ауа, самал желдің өне бойыңды қарпығанының өзі жылудық сыйлайтын. 8-сыныпты қазір ғана аяқтаған бетім. Жұрттың балалары қалаға барып, қыдырып кеп жатса, ал мен уақытымды қызықты әрі көңілді өткізу үшін ауылдық моделді кітапханамен зор байланыс орнатуды жөн көрдім.

Түс ауады. Күннің мамыражай ыстығы өңменімнен өтіп барады. Тұрғындардың көбісі мызғып алу мақсатында ұйқыға кеткенді. Көз шырымын алмайтын тек бір ғана жан болатын. Ол-кітапханашы апайым. Ылғи да түстен кейін менің келуімді күтіп отыратын.

-Сәлеметсіз бе, апай!-, деп кіріп бардым.

-Ой, қош келдің, көкешім! Кел, отыр! Міне, саған философияға толы жаңа бір қазына тауып қойдым, – деді ұстазым. Кездесудің осы бір сәтінде бұрынғыдай емес аздап қобалжулар мен қорқыныштар орын алды. Неге екенін өзімде түсінбедім. Дегенмен, дәл қазіргі сәтте алдымда тұрған кітапты алып қарап едім, мазасыздағым басыла кетті. Алғашқы бетін аштым. «әл-Фараби дүниенің білім және ой тарихынан құрметпен орын алған ұлы түрік ғалымы, ойшылы. Физика, химия, медицина, математика ғылымдарында және философияда жеткен нәтижелерімен Еуропа мәдениетіне үлес қосқан, кітаптары XVIII ғасырдың соңына дейін Еуропа университеттерінде оқылған түрік дарыны»-деген жазуларға көзім түсті. Жүрек лүп-лүп соғады. Оның есімі әлемге әйгілі. «Ұлы ұстаз... Ұлы ұстаз...Ұлы ұстаз» деп сыбырлағанымды байқамай қалыппын.

Менің осыған дейінгі санамдағы, ойымдағы, ес білгелі әл-Фарабиді танығандағы ойым мүлде бөлек болатын. Себебі, мен оны Жаратушы Тәңір санайтынмын. Бәлкім, Әнуар Әлімжановтің «Ұстаздың орлауы» романын алғаннан кейін мені дарабоздың мысы басқан болар. Бұл кітапты кездестіргеніме қуанып, бастан аяқ оқып шығуға бел байладым.

Түн. Ай сәулесінің жарығы мен оқып отырған кітап парақтарына түсіп, ондағы көркем жазуларды одан самай нұрландырып барады. Бұлттар да бірде ай бетін торлап, ал бірде терезеден сығалап менімен ойнағысы келеді. Барынша ынта-шынтаммен беріле оқуға кіріп кетіппін.

Парақ-парақ қағаздар бетінде музыкалық ноталардың толып жатқан белгілері жазылған. Құстар үнінің ырғақты саздарын ден қоя тұндап, әр дыбысқа дәл анықтама беруге тырысатын, музыка жайлы өзінің ойларын бір кітап етіп, ертедегі гректер мен индустардың музыка мен музыка аспаптары жайлы ғылымның негіздері бар еңбектерін тегіс зерттеу қажет. Ол сонау жас шағында, заманның тынышында Отырардағы ғаламат бай кітапхананың ішін емін-еркін жайлап, сол уақытта музыкант болуды армандайтын. Арманына жетті де. Бүгінде музыка ойнаған сәттегі мұның өнеріне құл да, сұлтан да тамсанады. Бұған қоса, басқа тілді үйрену, зерттеуді ол бала шағынан ұнататын.

Қураған өлі бұтақтарды қиып, жүзімдік арасын тазарта жүріп ол өзінің жазғандарын жиі-жиі еске алып ой таразысына салатын. Түсінікті ауырлатып, ойды бұлыңғырлататын сөздер мен жолдар болса тезірек алып тастап, айтқан пікірлерінің осынау қу бұтақтардан арылған жеміс ағаштарындай таза да еркін өрбуін қалайтын.

Миымда балқыған Әбу-насыр Мұхаммед туралы қисынға келмейтін ойлар мен иірімдерге аса қатты мән бере отырып, қойын дәптеріме тізіп алудың орнына ұйықтап кетіппін.

Гүлжанат ҚАДЫРБЕКОВА

АРНАУ

*Тектілік тарихынан тұнып тұрған
Бала кезден бас болып ұлықталған
Ибраһим есімі өзі алдында,
Абай боп әрбір сөзі сұрыпталған.*

*Бай болып байбатшадай күн кешпеген,
Қиын тағдыр: өлең мен жыры өшпеген
Бір ауыз сөз бір ұрпақты жетелейді
Абайдың өлеңімен кім өспеген.*

*Мың ақын мың түрлі құбылтады,
Майдай жаққан майда сөз жылытады
Ұрпағы ұмытпаса Абайлардың
Әлі талай шығады ұлы аты.*

Нұрбол СЕРІКБАЙ

Абайға хат!

Абай ата, сіз қазақ үшін дара туған дана ерекше жансыз. Өйткені сіздің әрбір жазған өлеңдеріңіз, қара сөздеріңіз, жазған шығармаларыңыз, күн сәулесіндей бойыңды жылытып әр адамның жүрегіне ерекше естеліктер қалдырады. Сіз XIX ғасырда өмір сүрсеңіз де, XXI ғасырда біз үшін қалдырып кеткен кітаптарыңыз өмір сүріп жүр, еңбектеріңіз жай ғана кітап сөрелерінде тұрған жоқ, әр қазақтың жүрегінде ой тұқпірлерінде өзіндік ойып алар орны бар. Сонау қиын заманда сіз өзіңізді емес, халық мүддесін ойлап, халықтың көзін ашуға өскелең келешек ұрпақтарды білімді қылуға тырыстыңыз.

Қазіргі уақытта дәл сіз секілді адамдар болса, мен өмір сүріп жатқан заманда арнамыс, сыйластық, тәрбие, махаббат секілді жақсы нәрселер шынайы көрініс табар ма еді?! Мен сіздің әрбір шығармаларыңыздан шабыт алып, өлеңдеріңіздің жүшінен қуат алып жүремін. Сіздің он кетінші қара сөзіңізде жазылған «нұрлы ақыл», «жылы жүрек», «ыстық қайрат» деген қасиеттерді ұстана отырып, өзімнің толық адамға, тұлға болып қалыптасудағы мақсатымды атқарып жүрмін. Сіздің шығармаларыңызды, қара сөздеріңізді оқыған кезде әр сөзіне мән бере қараймын. Себебі сіздің жазған әрбір сөзіңіз мен үшін ғана емес, қазақ елі үшін ерекше орны толмас қазына.

Абай ата, сіз өмір сүрген кезеңде, шырғалаңға түскен, шырмауда қалған көшпенділер елінің мәдениеті де, санасы да күйреуде еді. Ұлы дала жандаралдың табанының астында жаншылып талып жатты, даламен бірге қазақтың рухы, поэзиясы, аңызы, ертегісі өлді, ұлттық намысы тапталды. Абай ата, сіз соның бәрімен жалғыз алысып, жалғыз арпалыстыңыз, осыншама сұмдықты өз жүрегіңізден өткізіп, туған халқын оянуға, жан тірлігіне, қалғымайтын намысқа, ардың күресіне шақырдыңыз. Ұлы далаға жаңа ой, жаңа поэзия әкелдіңіз. Тұнық бұлақтың көзін аштыңыз және күні бүгінге дейінгі жастарды білім нұрымен суындатып келесіз.



Абай ата, сіздің шығармашылығыңыз әдебиеттің, мәдениеттің ауқымынан анағұрлым асып кететін ғажайып бір құбылыс секілді. Кейде ойлап отырсам, біз үшін сіз ақын да, философ та, аудармашы да, композитор да емес, бәрінен бұрын өзіміздің жағдайымызға соншама жақын адамымыз, ағайынымыз ба, туысқанымыз ба, ағамыз ба, атамыз ба, әйтеуір бір жақсы танытын адамымыз сияқтысыз.

Сізбен талай рет кездесіп, сөйлескен, сырласқан, талай рет ақылыңызды алғандаймыз, ал кейде не балалықпен, не шалалықпен алмай кеткендейміз. Қанша қиын ғұмыр кешсеңіз де артыңызда адамгершілігі мол, тәрбиелік мәні зор шығармалар мен кісілік келбет – өшпес із сайрап жатыр. Ешуақыт мүлікпен өлшенбейтін өнегелік үшін сізге мың алғыс.

Нұрбол СЕРІКБАЙ

Жылы естелік

**Университет түлегі, мұғалім
Бақыт Манбетова:**

«Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» деп ұлы Абай айтып кеткендей білімді де білгір шәкірт тәрбиелеу ұстаздан басталары сөзсіз. Ұстаз – киелі ұғым. Осы ұлағатты сөздің астарында білімділік те, ақылдылық та, мейірімділік те, зерделілік те жатқан жоқ па?! Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында» деп атап көрсеткендей, ұрпақ тағдыры үшін жауап беру ұстаз атаулыға үлкен салмақ салды. Білім кілті ұлағат иелерінің кең пейілді жарқын бейнесі мен білімдарлығы арқылы шәкірт санасына қалары сөзсіз. Осы ретте сүйікті ұстазым, Шиелі ауданы Жөлек ауылының №152 қазақ орта мектебінің мұғалімі, өзім оқып жатқан оқу орны – Қорқыт Ата атындағы ҚМУ түлегі Бақыт Манбетова апаймен сырлы сұхбат жасағанды жөн көрдім.

- Бақыт апай, әуелі өзіңіздің туып өскен ортаңыз, мектебіңіз, оқу орныңыз жайлы айтсаңыз.

- Мен Қызылорда облысы, Айдарлы ауылында 1973 жылы дүниеге келгенмін. №139 мектепте оқыдым, алғаш әріп үйреткен ұстазым Бектаева Ұлтай деген кісі болды. 1990 жылы мектептен түлеп ұшқаннан кейін Н.В.Гоголь атындағы институтқа оқуға түстім. «Физика-математика» кафедрасында төрт жыл мұғалімдік білім алдым. Біз бітірер жылы білім ордасының атауы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті болып ауысты.

- Студенттік шақ қайталанбайтын кез, сіздің студенттік шағыңызда қандай қызықты естеліктер болды?

- Студенттік шағымда босқа уақыт өткізбеуге, білім алуға, алға қарай ұмтылуға тырыстым. Студенттер үйінде (жатақхана) тұрдым, бірақ қазіргідей жағдай жасалмаған еді. Тамағымыз таусылғанда күндегі астан қалған қатқан нанды жібітіп жейтін едік. Студенттер үйі жанындағы дүкендерден талонмен нан, қант алатынбыз. Және сол кезде алғаш рет пойызға мініп, құрбыларымызбен қыдырып Арал ауданына барғанымыз есімде.

«...ҚАШҚЫНБАЕВ БАЗАРБЕК АҒАЙЫМЫЗДЫ ЕСІМЕ АЛСАМ, ӘЛІ КҮЛКІМ КЕЛЕДІ»

- Университетте жаныңызға жақын, жиі еске алып тұратын оқытушыларыңыз жайлы не айтасыз?

- Әрине, ұстаздарымды ұмыту әсте мүмкін емес қой. Шыны керек, біздің кезіміздегі оқытушылар өте білімді, сауатты кісілер еді. Баекеева Роза апайымыз кураторлық етіп, топты жақсы басқарды. Елеусінов Бауыржан, Қалиев Бақыт деген ағайларымыз информатика сабағынан берген еді. Ал екі сөзінің арасына «безобразие» сөзін қосып сөйлейтін Қашқынбаев Базарбек ағайымызды есіме алсам, әлі күлкім келеді. Өзім физика-математика пәніне бала күнімен жақын болдым. Осы пәннің қыр-сырын үйреткен ұстазым Махамбетов Оразбек Мәдешұлы әлі күнге дейін маған көмек қолын созып отырады. Осы кісілердің арқасында өз ортамда абы-

Әйелдің қырық жаны бар демекші, отбасы мен жұмыс бабын таразыда тең ұстауға тырыстым.

- 26 жыл балаларды білім нәрімен сусындатып келе жатырсыз, қандай жетістікке жеттіңіз?

- Ең алғаш мектепшілік мадақтама алып, сол кезде төбем көкке екі елі жетпей қалғаны есімде. Қызығы мен шыжығы қатар жүретін бұл мамандықтың қиыншылығын жеңе біліп, жауапкершілігін көтере білу кез-келгеннің қолынан келе бермесі анық. 2005 жылдан бері ҰБТ-ға балаларды дайындау үшін аянбай еңбек еттім. Таңдау пәні физикадан жоғары балл жинап, жоғары оқу орнына түскен оқушыларым күш жігерімді арттыра түсетін. Солай мектебіміздің деңгейін көтеру барысында көптеген жетістікке қол жеткіздім, аудандық, әкімшілік, білім бөлімі және облыстық кәсіподақтан марапаттаулар алдым. Облыстық мұғалімдердің сабақ көрсету сайыстарынан I-II орындарды қанжығама байладым. 2017 жылы «Республикалық үздік мұғалім» медалімен марапатталдым. Білім бере жүріп, білім алады да ұмытпай, тәжірибе алмасу мақсатында көптеген деңгейлік курстар оқыдым.

- Мұғалімдікті тандай отырып білім алып жатқан студенттерге, болашақ әріптестеріңізге қандай кеңес бересіз?

- «Ұстаз болу өз уақытыңды аямай, өзгенің бақытын аялау» деп Мұхтар Әуезов айтқандай, уақытпен санаспай балалардың болашағы үшін аянбай жұмыс жасасаң, еңбегің еш кетпейді деп түсінемін. Қанша жыл тер төгіп еңбек етсең де, «болдым, толдым, мен бәрін де білемін» деп айтуға болмайды. Ұстаз үнемі ізденіс үстінде болуы керек. Өмір бір орнында тұрмайды, үнемі алға жылжып отырады, осыған орай жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелеу, оқыту үшін үнемі ізденіп, білімін, біліктілігін арттырып отыру керек. «Қырық бес жыл мұғалім болсаңда, қырық бес минуттық сабақ жоспарың дайын болсын».

- Қызметіңізге толағай табыстар тілеймін! Әңгімеңізге рақмет!



роймен қызмет атқарып келемін.

- Ең алғашқы қызметіңізді қай жылы бастадыңыз? Бастапқы кезде қиыншылықтар болды ма?

- Қорқыт Ата атындағы университетінде алған білімімнің қазір жемісін көріп отырмын, өте қуаныштымын. 1994 жылдан бері Шиелі ауданы, Жөлек ауылының №152 қазақ орта мектебінде ұстаздық етудемін. Жас маман болып жұмыс жасаған алғашқы 3 жыл өте ауыр болды. Бұл аралықта тұрмыс құрып, бала тәрбиесімен айналысқаным тағы бар.

Рухани жаңғыру

ІЗГІЛІКТІ ІЗДЕСЕК, АТА САЛТЫМЫЗДАН АЖЫРАМАЙЫҚ

Тұңғыш Президентіміздің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында рухани жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударды. Оның ең негізгісі – ұлттың терең тарихынан бастау алатын рухани ұстанымды сақтап қалу және құндылықтарымыз бен озық дәстүрлерімізді табысты жаңғырудың алғышартына айналдыра білу. Бұл ретте тұңғыш Президент «Жаңғыру жолында бабалардан мұра болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерімізді қайта түлетуіміз керек», - екенін атап көрсетті.

Қай халықты алып қарасақ та, оның өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, күнкөрісі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі болады. Салт-дәстүр сол халықпен жасасып, оның тарихына өшпес із қалдырады. Бірақ ұмыт болып бара жатқан дәстүрлерімізде жоқ емес. Ендеше, салтымыз санамызда мәңгілік жаңғырып тұруы үшін дәстүрімізді ұмытпау, оны ұлықтау – басты парызымыз. Қазақ халқының қасиетті дәстүрлерінің бірі – бата беру. Бата арабтың «фатехе» деген сөзінен шыққан, яғни, «алғыс айту», «ақ ниет», «ақ тілек білдіру». Батаны жолы үлкен данагөй ақсақал немесе қадірлі қонақ беруі тиіс. Бата беруші Алладан бақытты өмір, денсаулық, береке, әрбір істе табысты болуын тілейді. Бата

айтылғанда екі қолды ілгері қарай жоғары созып, екі алақанды өзінің жүзіне қарата бұрады. Бата беру «әумин» сөзімен аяқталады. Бата адамдарды лайықсыз, теріс қылықтардан сақтандырады, жастарды ізгілікті әрі қайырымды істерге баулиды. Халқымыз үлкен іске кірісерде, дастарқаннан дәм татуға отырғанда немесе жол жүріп, алыс сапарға аттанарда ақсақалдардан бата алатын болған.

«Аға өлсе – жеңге мұра, іні өлсе – келін мұра» деп есептеген дана халқымыз ешқашан жетім-жесірін жылатпаған. Күйеуі қайтыс болып, жесір қалған жас әйелге күйеуінің жақын туысының бірі «әменгерлік» жолмен үйленген. Көшпелі қазақ халқының өмірінде мұның әлеуметтік маңызы зор болған. «Жесірін жатқа бермеу» қазақтың өз тұқымының басқа елге кетпеуін әрі ұрпағын өз жұртында қалдырудың, қан тазалығын сақтаудың бір жолы. Марқұм болған адамның балалары өз руының, өз туысының қарамағы мен қамқорлығында қалды, жат жұртқа жіберілмеді. «Жетім көрсең жебей жүр» деп ешқашан баланың жетім өсуіне жол бермеген, осылайша «жетім» деген аттан құтылған. Жесірдің төркін жағы да «Қайтып келген қыз жаман» деп ырымдап, қайтып келуіне рұқсат етпеген. Қайтып келген жағдайда жесірдің мандайына қара күйе жағып, қаралаған. Сол себеп-

тен қазақ қоғамында әменгерліктен бас тарту сирек кездескен, бас тартқан жағдайда оған бала да, мал-мүлік те берілмеген, тек өз қалауымен күйеуге шығуға рұқсат етілген. Осылайша үйдің үлкендері отбасының бірлігін, амандығын, тұтастығын сақтауға тырысқан. Бұл қалыптасқан жүйе қоғам ішінде жеңіл жүрісті әйелдердің болмауына, жалпы әйел зағының абыройы мен беделінің сақталуына да себеп болды. Әменгерлік ру ақсақалдарының басқаруымен қандас туыстар арасында мұқият талқыланған, ортақ ұйғарыммен шешілген. Тарих тағылымына көз жүгіртсек, әменгерліктен немесе екінші әйелден дүниеге келген талай марқасқалар бар. Тізбектемей-ақ, Құнанбай атамның туған інісі Құтпамбет қайтыс болған соң, атастырылып қойылған, қыздай жесір қалған Ұлжан анамызға үйленгенін мысалға келтірсек болады. Бұл берекелі некеден Абайды дүниеге алып келді.

Жетімге пана, жесірге қамқор болу, мұқтаждың қабағына қарап, жарымжанның қолтығынан демеу – ата дініміздің асыл құндылықтарынан. Бүгінгі таңда ата-бабамыз қалдырған сара жолмен жүріп, әменгерлік салтын жаңғыртсақ, жетімдер үйі көбейіп, жесірлер жыламас еді.

Бетті дайындаған Ақтолық Әлжанова

ЕРЛЕР КИІМІН ТАҢДАУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Қазіргі қоғамда адамдардың сыртқы келбетіне белгілі талаптар қойылады. Егер қыздар қауымы ғана сымбатты болуды армандайды десеңіз, қателесесіз. Сәнді және тартымды көріну – еркектер үшін де өзекті мәселе. Қазіргі заманғы сән – бұл соңғы онжылдықтар ішінде қалыптасқан әртүрлі бағыттардың қоспасы. Көптеген жастар өздерінің кәсіби өмірлерін сәнді қалай киіну керектігін білмей бастайды. Оны өзгерту керек.



Жастар – қоғамның болашақ көшбасшылары, ал сәнді киім – бұл кәсіпқой болудың алғашқы қадамы. Дұрыс киім жас жігітке өз позициясын анықтап, басқа адамдарға әсер етуі үшін қымбат секундтар бере алады. Мұны жас заңгер, кеңесші, медициналық қызмет көрсетуші немесе менеджер болсын бәрі түсінуі керек. Яғни, сәнді киіне білу де өнер. Сонымен сіз өзіңіз жайлы, өзіңізге қандай фасонда киімдер жарасатынын, қандай түстер үйлесетінін білуіңіз керек. Шоппинг жасарда өзіңізге керек киімді алыңыз. Көзіңізге әдемі болып көрінген затты алуға асықпаңыз. Мүмкін сіздің фигураңызға үйлеспей, жараспай қалуы әбден мүмкін.



Ерлер сәні әйелдердікі сияқты сондай алуан түрлі емес. Еркектер шалбарды көйлекпен, ал шалақ шалбарды белдемшемен алмастыра алмайды. Сондықтан оларға киім таңдауға аса ұқыптылықпен қарау керек. Егер кейбір еркектер өз стилін бұрыннан тауып, оларға не керектігін өздері білсе, онда басқаларына әйелдің араласуы қажет болады.

Ерлер сәнінің үрдісін зерттедік, сіздерге ер адамға стильді таңдай алатындай негізгі қағидаларды жинадық.

1. Дүкенге бірге барыңыздар
Ер адамға сіздің кеңесіңіз және сырт көзқарасыңыз қажет болуы мүмкін. Тек алдымен өзіңізге белдемше қарайтын он шақты әйел дүкендерімен мазасын алмаңыз, тек ерлер бөліміне тікесінен тура барыңыз.
2. Костюмі қымбат болуы тиіс
Негізгі іскерлік костюм сапалы материалдан және жақсы тігілген болуы тиіс. Бұл ақша үнемдейтін заттардың бірі емес.
3. Киімі өлшем бойынша болуы тиіс
Әйелдер өз кемшіліктерін жасыра отырып, әдемі жерлерін көрсететін дене пішімімен өзіне киім таңдай біледі. Ал ер адамдар көбінесе өз өлшемдерін де білмей жатады. Күрте мен жейделерде артық жиырылған жерлер түзілмей, ал жеңі алақан басындағы сызықтан шықпауы және пиджак астынан 1-2 см шығып тұруы тиіс.
4. Жейдені таңдау
Дұрыс өлшемдегі жейдені таңдау үшін мойын айналасын шамамен саусақ сыятын орын қалдыра отырып, өлшеу қажет.
5. Сәтті пиджак
Сәтті таңдалған пиджак дене пішімінің барлық кемшіліктерін жасырып тұрады және ер адамды сырбаз етіп көрсетеді. Иық еніне сәйкес келіп, ал арқасында жиырылған жерлер болмауы тиіс. Гардеробта шалбармен және жейдемен ғана емес, сондай-ақ, джинсымен және футболкамен де киюге болатындай пиджак болғаны дұрыс.
6. Галстук ұзын болуы тиіс
Классикалық іскерлік стилімен алғанда галстук сым белі сызығына дейін жетуі тиіс.
7. Стильді күнқағар көзілдірік
Әдемі қара көзілдірікті күннен қорғайтын зат ретінде пайдаланып қана қоймай, оны енді сәнді аксессуар ретінде пайдаланатын болды.
8. Шомылатын шолақ шалбар
Демалу үшін ұзынырақ шомылатын шолақ шалбар алған дұрыс. Оларда қалта бар, оған қонақ үйдің кілтін және өзге ұсақ-түйектерді салып қоюға болады.
9. Ашық майкалар
Ашық майкаларды тек демалғанда немесе тренажер залына барғанда ғана киюге болады.
10. Ыңғайлы табанды аяқ киім
Егер әйел туфлин қалып ыңғайлығы бойынша таңдайтын болса, ер адам аяқ киімінде табанға көңіл аудару қажет. Кеңседе кию үшін жұқа, ал шетелдік саяхаттарға – қалың табанды бәтеңке жарайды.
11. Спорттық аяқ киім
Кроссовка сәйкес киіммен үйлесе отырып, спортпен шұғылдануға ғана жарайды. Оны классикалық сыммен кию керек емес.
12. Әшекей заттар аз болуы тиіс
Егер ер адамыңыз рок-музыкант немесе фотомодель не футболшы болмаса, онда ол өте көп әшекей заттарды тақпағаны дұрыс. Кеңсе жұмысына сағат пен неке сақинасы жеткілікті болады.
13. Мінсіз шаш үлгісі
Ер адамдарға шаш үлгісі әрдайым ұқыпты және күтілген болу үшін шаштаразға төрт аптада бір рет бару ұсынылады.
14. Жақсы хош иіс
Сәтті таңдалған парфюм ер адамға аса бір сәндік береді. Оған қоса дезодорантты ұмытпаған жөн.
15. Таза тері

Әйелдерге қарағанда ер адамдар терінің ұсақ кемшіліктерін декоративті косметикамен жасыра алмайды. Сондықтан олар теріге аса жақсы күтім жасауы тиіс, тазартатын лосьонды және кремді қолданғаны дұрыс.

Имиджді ауыстыру
Әйелдерге сияқты ер адамдарға да кейде өз стилін өзгертіп, киімнің жаңа түрлерін киіп көріп, шаш үлгісін ауыстыру қажет.

Бар болғаны осы. Есіңізде болсын, көңіл бөліп, шамала күтім жасау ер адамыңызды керемет ханзадаға айналдырады. Ал, енді үш түрлі образды талдайық.

1 – сурет. Классикалық стиль – келісті, іскерлік, элегантты (өзгермейтін стиль) салыстырмалы түрде тұрақты, сән әлеміндегі өзгерістерге онша беріле бермейтін киім түрлері кіреді. Оның негізгі белгілері – форманың тұрақтылығы, адамды іскер, ұстамды етіп көрсету, мінсіздігі, қолайлылығы, беріктігі. Ерлердің классикалық киімдеріне – костюм шалбар немесе тек шалбардың өзі, жакет – костюм, ағылшын пальтосы, плащ жатады.

2 – сурет. Спорттық стиль – демалыста, спортпен айналысқанда, саяхатқа шыққанда киюге ыңғайлы киімдер. Жалпы спорттық стильдегі киімдерде адам өзін еркін және ыңғайлы сезінеді.

3 – сурет. Егер сіз ағылшын сөздігіне назар аударатын болсаңыз, «Casual» ұғымын «күнделікті», «ұқыпсыз» және «еркін бейресми» деп аударуға болады. Киімдерге қатысты бір нәрсені айтуға болады: «кездейсоқ киімдер» - бұл, ең алдымен, бос уақытта киюге болатын ыңғайлы және ыңғайлы гардеробтар: ыңғайлы джинсы, түрлі-түсті футболкалар, пуловерлер мен капшоны бар куртқалар жатады.



Наргиза РАМАЗАНОВА

Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тексеріліп, №331-Г күнлігі берілген.

Бас редактор
Гунарай
ЕСІМОВА

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.С.КӘРІМОВА - Қорқыт Ата атындағы ҚМУ ректоры
А.Т.ЖҮНІСОВ - оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі проректор
Б.Ж.АБДИКАРИМОВ - оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі проректор
Ғ.Ә.ТҮЯҚБАЕВ - қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының меңгерушісі

Газет тілшілері:

Гулдана
АСАНЖАНОВА

Әйгерім
ӘДШЕР

Нұрбол
СЕРІКБАЙ

SYR TULEGI
student jastar gazeti

Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.